

ЦИКЛОГРАММА

II-апта (08.11.2021-12.11.2021 ж.)

Кіші «Балауса» тобы Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Тақырыпша: Дұрыс тамақтану. Дәрумендер

Күн тәртібі Уақыты	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. Таңертеңгі дене шынықтыру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Дұрыс тамақтану. Дәрумендер туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	Шуағын шашады, Күн шықса жиектен. Жылу алып нұрынан Денсаулықты түлеткем, Денсаулық - ол күлуің, Көңіл - күйің жадырай, Денсаулық - ол жүруің, Ешбір жерің ауырмай.	Денің сау болсын десең... 1. Топқа таза ауа молынан кірсін, күннің сәулесі (шуағы) кіріп тұрсын. Сау болу үшін таза ауа, күннің шуағы өте керек екенін ұмытпа. 2. Тұла бойыңды, ең болмағанда мойныңды, көкірегіңді, арқанды күнде салқын сумен жуып тұр. Дененді таза ұста. Жұмасына бір рет жылы суға шомылып тұр.	Дидактикалық ойын. Баян куыршақ түстенеді. Мақсаты: Балалардың асхана ыдыстары жайындағы мағлұматын бекіту, сөйлеу қабілетін дамыту; Тамақтану кезіндегі мәдени тәртіпке, куыршаққа деген мейірімді қатынасқа тәрбиелеу.	«Затты сипаттай отырып тап» Дидактикалық міндет. Затты өзіне тән басты ерекшелігіне қарап табуға тәрбиелеу; байқағыштық, тапқырлық қабілеттерін дамыту; балаларды затты атамастан сипаттауға үйрету; төзімділікке баулу.	«Тамақтану мәдениеті». Мақсаты: Дастархан басында әдептілік сақтау, өзін-өзі ұстау мәдениетін ұқтыру, ретсіз тамақтанудың зияндылығын меңгерту, гигиеналық ережелерді күнделікті сақтауға баулу.
	Таңертеңгі жаттығулар кешені №2. Құралмен 5-6 мин Мақсаты: Қимыл- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу				
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар				
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері (Үзілісті қосқандағы жалпы ұзақтығы. Үзілісте: Дәруменді таңғы ас)	«Санамақ» ойыны. Мақсаты : кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту. Бір, екі, үш, төрт, бес, Анаммен сурет саламын, (алақанды жұмып ашады) Міне басы, міне іші (қолды шеңбер жасап айналдырады) Аяқтары, қолдары, көздері (қолымен кішкентай және үлкен шеңбер салу) Аузы, сақинадан жасалған (ауада сақинаны салу) Әдемі шашы да бар (қолдарын екі жаққа ашады) «Салат» саусақ ойыны Сәбізді алып тазалаймыз (Көркем әдебиет Тақырыбы : «Шалқан» Мақсаты: «Әке мен бала» туралы түсінігін кеңейту	Сурет салу Тақырыбы : «Балықтар жүзеді» Мақсаты: Балаларды «Шағылысқан күн сәулесі» суретіне салуға, түс үйлесімділігін бере білуге үйрету. Сенсорика Тақырыбы : «Әтешті құрастырамыз» Мақсаты: Балаларды олардың түсін, пішінін, көлемін, ажырата алуға және құрылыс материал дарын кеңестікте дұрыс орналастыра білуге дағдылан дыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Арқан үстінен секіру» Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп: шағын топпен тұру, педагогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Арқан үстінен секіру» Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп: шағын топпен тұру, педагогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету Жаратылыстану Тақырыбы : «Жемістер. Алма» Мақсаты: «Ауа райын бақылау» туралы айту білігін бекіту

	<p>оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды) Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды) Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді) Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді). Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді).</p>				
<p>«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.</p>	<p>Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын тандау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру</p>				
<p>Серуен</p>					
<p>«Қош бол, балабақша!»</p>	<p>Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.</p>				

Мектеп директоры Салима АТ Сулейменова А.Т.

ЦИКЛОГРАММА

III-апта (15.11.2021-19.11.2021 ж.)

Кіші «Балауса» тобы

Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Тақырыпша: Өзіңе және өзгелерге көмектес

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
<p>«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б. Таңертеңгі дене шынықтыру</p>	<p>Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Өзіңе және өзгелерге көмектес туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.</p>				
	<p>Таңғы шеңбер. «Арайлаптаң атты» Арайлаптаң таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды күніміз, Жарқырайды даламыз.</p>	<p>«Ұқсасын тап» Мақсаты: Балаларды заттың түстері мен пішіндерін ажырата білуге үйрету. Саусақ моторикасы арқылы ақыл ойын дамыту. Жаңа жыл мерекесін еске түсіріп, есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Балаларды сүйіспеншілікке, қайырымдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.</p>	<p>«Дос болайық бәріміз» Қол алысып, кәне біз, Достасайық бәріміз. Айтарым бар сендерге, Тез тұрындар шеңберге. Қандай жақсы бір тұру, Достарменен бір жүру!</p>	<p>Өткеншек Мақсаты: Балаларды жылдам әрі асықпай сөйлеуге, өлең жолдарының мазмұнына сәйкестендіріп қимылдар жасауға, ауызша белгіге әрекет етуге үйрету. Арқанның бойына шеңбер жасап тұрамыз, сосын оң қолымызға ұстап бір-біріміздің артымыздан жүріп отырып былай дейміз: Бастапқыда ақырын, Айналады өткеншек, Содан кейін тездетті, Жылдам, жылдам, жылдамдат.</p>	<p>Бұл қашан болады? Дидактикалық міндет. Балалардың жыл мезгілдері жайындағы білімдерін нығайту. Ойын ережесі. Тәрбиешінің белгісі бойынша жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін жылдам атау.</p>
	<p>Таңертеңгі жаттығулар кешені №3 Құралсыз 5-6 минут Мақсаты: Балалардың дене дамуын шынықтыру.</p>				
<p>Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық</p>	<p>Балалармен ұйымдастырылған оқу қызметін ұйымдастыруда ойындар және баяу қимылды ойын-жаттығулар</p>				
	<p>«Ұқсай ма, ұқсамай ма?» Дидактикалық міндет. Балаларды заттарды салыстыруға, түс, түр, көлем, материалының ұқсастығын атауға үйрету; байқампаздық, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Ойын ережесі. Ұқсас екі затты тауып, олардың ұқсастықтарын дәлелдеу. Кімді бағыттаушы нұсқаса, сол жауап береді.</p>	<p>Мына үйді кім салды? Дидактикалық міндет. Балалардың үйді қалай тұрғызатыны, үй құрылысының реті, құрылысшыларға қажет құрал-саймандар және машиналар туралы білімдерін жүйелеу; Құрылысшы мамандығына деген құрметке, шығармашылық ойында құрылысшы болуға деген ниетін қалыптастыру, тәрбиелеу.</p>	<p>«Достық көмек» ойыны Мақсаты: ойын барысында балалар достық көмек жасаудың мәнін тереңіре тусініп, бір-біріне көмектесуге әрқашан әзір болуға тәрбиеленеді.</p>	<p>Ойын: «Игілікті істер» деп аталады. Мына үстел үстіндегі жүрек бірнеше пішіндерге қиылып бөлінген. Әрбір ойынға қатысушы бала адамның игі істері туралы сөздерді айта отырып, соңынан осы бөлек пішіндерден бір бүтін жүрек құрасты рады. Қанекей, балалар, ойынды бастайық. Жақсылық, қамқорлық, қайырымдылық, мейірімділік, көмектесу. Жарайсындар, қандай әдемі, мейірімді, қайырымды жүрекке ұрастырдындар.</p>	<p>Қайда барғынымызды айтпаймыз, не істегенімізді көрсетеміз (Орыс халқының ойыны) Мақсаты. Әрекетті сөзбен айтуға үйрету; етістік тұлғалы сөздерді дұрыс қолдану (шақ, жақ); шығармашылық қиялын, тапқырлығын дамыту.</p>

				Сендердің жүректеріңде осындай жақсылық қасиетер табыла берсін.	
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Тартылған жіптен аттап өту» Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп: шағын топпен тұру, педагогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету Музыка 1) «Жемістер» Мақсаты: Менің әжем балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.	. Сөйлеуді дамыту Тақырыбы : «Қуыршақты шомылдырып, ұйықтатамыз» Мақсаты: Ертегіні тыңдап айтуға үйрету.	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Тартылған жіптен аттап өту» Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп: шағын топпен тұру, педагогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету Құрастыру Тақырыбы : «Бақбақ» Мақсаты: Балаларды олардың түсін, пішінін, көлемін, ажырата алуға және құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыра білуге дағдылан дыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Музыка 2) «Жемістер» Мақсаты: Менің әжем балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту. Сурет салу Тақырыбы : «Әжемнің жіп шумақтары» Мақсаты: Балаларды «Шағылысқан күн сәулесі» суретіне салуға, түс үйлесімділігін бере білуге үйрету. Жапсыру: Тақырыбы : « Жеңіл машина» Мақсаты: «Жайлаудағы қошақандар» Туралы түсінік қалып тастыру	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Түзу және ирек жолдармен жүгіру.» Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп: шағын топпен тұру, педагогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету Жаратылыстану Тақырыбы : «Қуыршақты шомылдыру» Мақсаты: «Абайла, балақай» туралы айту білігін бекіту
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киіміндегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Торғайларды бақылау Мақсаты: торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; — күздің келуімен құстар мінез-құлқының өзгеруін көре білуге үйрету; зейіндері мен есте сақтауларын белсендіру. Еңбек Ағаштарды емдеу мақсатында еңбек ұйымдастыру. Мақсаты: Ағаштарға дұрыс көмек жасауды үйрету; Еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Қ/О: «Құстардың ұшуы». Мақсаты: белгі бойынша қимыл жасауға үйрету. Жаттығу ойындары: «Жалауды құлатпа» Мақсаты: заттар арасымен, оларды құлатпай ирелендеп жүру				

Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Алақай! Ойнаймыз!» Ойындар, дербес әрекет	Сюжетті-рөлдік ойын «Достық елі» Ірі құрылыс материалдармен және конструкторлармен ойындар.	Дидактикалық ойын: «Адам денесін құрастыр.» алдарыңызда тұрған тарелкадан адам денесінің бөліктерін алып, құрастыру керек. (бас, мойын, кеуде, оң аяқ және сол аяқ) . Балалар қиылған дене бөліктерін әрқайыссысы өз еркімен құрастырады.	Ойын: «Жақсы, жаман» Мақсаты: жаман әдеттен аулақ болуға, қоршаған ортаға қамқор болуға тәрбиелеу. Тәрбиеші төмендегідей әрекеттерді кезекпен айтып тұрады, ал балалар дауыстап ол әрекеттің жақсы, жаман екенін айтады. - ағаштың бұтағын сындыру, ,	Дидактикалық ойын: «Адам денесін құрастыр.» алдарыңызда тұрған тарелкадан адам денесінің бөліктерін алып, құрастыру керек. (бас, мойын, кеуде, оң аяқ және сол аяқ) . Балалар қиылған дене бөліктерін әрқайыссысы өз еркімен құрастырады.	. Әңгімелесу Балалар, құрмет деген сөзді қалай түсінесіңдер? Үлкен кісіге орын беріп, төрге шығару Жасы үлкен кісілерге көмектесу. Бөлмеде, қоғамдық көлікте үлкендер мен қыздарға орын беру. Қарсы келіп қалған үлкен кісіге, қыз балаға жол беру.
. Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.	«Шеңберді бұзып кір» ойыны. Мақсаты: Өзіне - өзі сенуге, жасқаншақтықты жеңе білуге, балалар ұжымына кіруге көмектесу. Нұсқау: Балалармен қарым - қатынас жасауда қиындық көретін балаларды жеке алып қалады. Қалғандары бір - бірінің қолынан қатты ұстап, шеңбер жасап тұрады.	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: шынықтыру шараларын өткізу кезінде жағымды көңіл-күй болуға үйрету	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге және эмоцияны қабылдауға үйрету	Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: қағаз бетіне суретті бағдарлай алуға үйрету	«Супермаркет. Жайлаудағы дүкен» сюжетті-рөлді ойынның Мақсаты: Балаларда ойын барысында бірнеше әрекеттерді логикалық бірізділікте байланыстыру.
«Қош бол, балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым- қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.	Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз.	Ата аналармен балалардың тәртібі туралы әңгімелесу.	Балалар отбасында өздері не істей алатындары туралы әңгімелесу. Балаңыздың сүйікті ісіне керек кітап, ойын, т.б. құралдармен қамтамасыз етіңіз.	Қателескені үшін баланы кекетіп, бетінен алмаңыз, басқа балалармен оны салыстырмаңыз.	Бала өз жұмысын көрсете алатын стенд жасап қойыңыз

Мектеп директоры Султ Сулейменова А.Т.

ЦИКЛОГРАММА

IV-апта (22.11.2021-26.11.2021ж.)

Кіші «Балауса» тобы Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

Тақырыпша: Біз күштіміз, ептіміз

Күн тәртібі	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
«Сәлеметсіңдер ме, балалар?» Балаларды қабылдау (Ата –аналармен әңгімелесу) Ойындар (үстел үсті, саусақ т.б.) Таңертеңгі дене шынықтыру	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынасы: Біз күштіміз, ептіміз туралы жеке әңгімелесу, қарым-қатынас және көтеріңкі көңіл-күй орнатуға ойындар ұйымдастыру. Жағымды жағдай орнату.				
	Балалар, қарандаршы, бізге күн сәулесі шуағын шашып тұр. Қане, күнмен амандасайықшы. Арайлапбүгін атты күн, Шашып бізге шапағын. Қуанышты бүгін күн, Қайырлы таң айтаты. Қайырлы таң, балалар! Қайырлы таң, апайлар! Ақылды біз баламыз, Айтқан тілді аламыз. Жаттығу жасап шынығып, Өсіп үлкен боламыз.- Жарайсыңдар, балалар!	«Ұқсасын тап» Мақсаты: Балаларды заттың түстері мен пішіндерін ажырата білуге үйрету. Саусақ моторикасы арқылы ақыл ойын дамыту. Жаңа жыл мерекесін еске түсіріп, есте сақтау қабілетін қалыптастыру. Балаларды сүйіспеншілікке, қайырымдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Ойын: «Не жетіспейді?» Мақсаты: көзбен қабылдау және ойлау қабілетін дамыту. Психолог балаларға бірнеше заттардың суреті бар бетшелерді ұсынады. Суретті мұқият қарап, әр заттың жетіспейтін бөлшегін табуын сұрайды.	Шаттық шеңбері: Ақпыз, сары, қарамыз Бір туғанбыз бәріміз Біз осы үйдің гүліміз, Біз осы үйдің сәніміз	Ойын: «Дұрыс ата» Шарты: Суреттегі спорт түрлерінің атауларын дұрыс атау керек. Штангист, бокс, күрес, футбол, волейбол, баскетбол т.б
Таңертеңгі жаттығулар кешені №4. Құралмен 5-6 минут Мақсаты: Қимы- қозғалыс жаттығуларды күн сайын жасауға тәрбиелеу					
Ойындар, ұйымдастырылған оқу қызметіне (ҰОҚ) дайындық	«Өз үйіңді тап» Мақсаты: Барлық балаларға әдемі ойыншықтар таратып беріп серуенге шығып, түрлі қозғалыста қыймылдар жасайды	«Киім дүкені» Мақсаты: Ойын барысында рөлдерді ойнай білуге үйрету. Сатушы әртүрлі киімдер түрлері туралы әңгімелейді.	«Достық көмек» ойыны Мақсаты: ойын барысында балалар достық көмек жасаудың мәнін тереңіре түсініп, бір-біріне көмектесуге әрқашан әзір болуға тәрбиеленеді.	«Мен қандаймын?» ойыны Балалар шеңбер құрып тұрады. Ортаға бір орындық қойылады. Әркім кезекпен орындыққа отырады. Қалған ойыншылар «Ол қандай?» деген сұраққа жауап беру үшін отырған ойыншының бойындағы жақсы қасиеттерін тізбекпен айтып береді.	«Өз есіміңді ерекше ата» Мақсаты: Әр бала өз есімін атаған кезде өзінің ерекше бір қимылын жасайды. Сонда барлық бала ортаға бір адам аттап, жаңағы баланың есімін айтып, қимылын қайталайды. Ойын барлық баланың есімін аталғанша жалғаса береді.
«Ойнайықта та, ойлайық» Ұйымдастырылған оқу қызметтері	Дене шынықтыру Тақырыбы : Түзу және ирек жолдармен жүгіру.» Мақсаты: Меңгерген	Көркем әдебиет Тақырыбы : «Жақсы деген немене, жаман деген немене»	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Отырып допты бір-біріне домалату.»	Сурет салу Тақырыбы : «Бауырсақ қалай домалайды?»	Дене шынықтыру Тақырыбы : «Отырып допты бір-біріне домалату.» Мақсаты: Меңгерген

	іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп: шағын топпен тұру, педагогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету Музыка 11) «Қайсы екен қолымыз?» Мақсаты: «Әлди-әлди, ақ бөпем» балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, музыкалық қабілетін дамыту.	Мақсаты: «Алтын дән» туралы түсінігін кеңейту	Мақсаты: Меңгерген іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп: шағын топпен тұру, педагогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету Сенсорика Тақырыбы: «Иттер менің достарым» Мақсаты: Балаларды олардың түсін, пішінін, көлемін, ажырата алуға және құрылыс материалдарын кеңестікте дұрыс орналастыра білуге дағдылан дыру, ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу.	Мақсаты: Балаларды «Қызыл-сары жапырақтар» суретіне салуға, түс үйлесімділігін бере білуге үйрету. Мүсіндеу Тақырыбы: «Қуыршаққа арналған кәмпиттер» Мақсаты: Ағаштағы алмаларды мүсіндеу. Балаларды ептілікке баулу	іскерлік, ептілік дағдыларды бекітіп: шағын топпен тұру, педагогтың соңынан жүру, жүгіру. Тура жолмен жүгіруді үйрету Жаратылыстану Тақырыбы: «Тату доспыз бәріміз» Мақсаты: «Абайла, балақай» туралы айту білігін бекіту
«Табиғат аясына бірге бармыз» Серуенге дайындық.	Балалардың киіну реттілігін бақылау, киінгенде түймелерін қадап, аяқ киімінің бауын байлауды, киімдегі олқылықтарды жөндеуді қадағалау. Киім шкафтарын таза ұстау және жинау. Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Торғайларды бақылау Мақсаты: Қыстап қалатын құс торғай туралы білімдерін тиянақтауды жалғастыру; Құстардың қысқы тіршілігі жайлы түсініктерін кеңейту; — Құстарға қамқор болуға тәрбиелеу. Қараңдаршы, балалар, біздің аулада қандай құстар ұшып жүргенін. Бізде күзде ұшпай қалған құстарды қандай құстар деп атайды? (қыстап қалатын құстар) Қыстап қалатын құстар мен жыл құстарының қандай айырмашылығы бар? (қыстап қалатын құстардың жүні қалың, мамық, тұмсықтары мықты)				
Серуеннен оралу	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау				
«Алақай! Ойнаймыз!» Ойындар, дербес әрекет.	Сюжетті-рөлдік ойын «Чемпион» Ірі құрылыс материалдармен және конструкторлармен ойындар.				

<p>Баланың жеке даму картасына сәйкес жеке жұмыстар.</p>	<p>«Алып» ойыны. Мақсаты: Ұжымшылдыққа тәрбиелейді. Екі бала қатар тұрады, біреуінің сол аяғын екіншісінің оң аяғына байлайды. Сөйтіп бір белгіленген жерге барады. Немесе, үш, төрт, т.б. балаларды бірге байлайды, сосын олар бірге жүруге тырысады. (бақаға ұқсап секіреді) түрлерімен таныстыру.</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: би, музыкалық-ырғақтық қимылдарды орындайды үйрету</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: бейнелеу іс-әрекетінде қажетті негізгі техникалық дағдылар мен іскерлікті үйрету</p>	<p>Жеке баламен жұмыс: Мақсаты: Оң және сол қолдарын ажырата алуға үйрету</p>	<p>«Театр» сюжетті-рөлді ойынының Мақсаты: Өзіне берілген рөлге сәйкес әрекет етуге үйрету, балалар арасындағы жағымды қатынастарын қалыптастыру.</p>
<p>«Қош бол, балабақша!» Балалармен, ата-аналармен қарым-қатынас. Еркін ойындар. Балалардың үйге қайтуы.</p>	<p>Балалардың тазалығы жайлы әңгімелесу.</p>		<p>Балалардың балабақшаға ыңғайлы киіммен келуін түсіндіру.</p>	<p>Балалардың таңертең кешікпей келулерін ата-аналарға ескерту.</p>	<p>Демалыстарыңыз жақсы өтсін!</p>

Мектеп директоры: Самуа Сулейменова А.Т.